

Батыс Қазақстанның тұтынушыларын электрмен жабдықтауды тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 мамыр N 538

Батыс Қазақстанның тұтынушыларын электрмен сенімді жабдықтау, Жаңажол кен орнының ілеспе мұнай газын кәдеге жарату есебінен Ақтөбе облысында энергия көздерін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жаңажол кен орнының ілеспе мұнай газын пайдалану және Ақтөбе ЖЭО-да турбиналарды 30 мың кВт қуатқа жетілдіру арқылы Ақтөбе облысында 198 мың кВт көлемде алғашқы кезектегі энергетикалық қуаттардың құрылышын салу бағдарламасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Ақтөбе облысының әкімімен бірлесіп Жаңажол мұнайгаз кен орнында қуаттылығы 150 мың кВт ГТ-8С газ турбиналы электр станциясының құрылышы үшін кредит алуға шетел банкісінің алдындағы заемшыны айқындасын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Ақтөбе облысының әкімі шетел банкісінің алдындағы заемшымен бірлесіп банктік сараптама жүргізу және кредитті жабу жөніндегі кепілдік міндеттеме үшін барлық қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі қуаттылығы 150 мың кВт ГТ-8С газтурбиналы электр станциясы құрылышының жобасына сараптама жүргізсін және қорытындысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша қуаттылығы 150 мың кВт ГТ-8С газтурбиналы электр станциясы құрылышының жобасы жөнінде Қазақстан Республикасының кепілдігін берудің мүмкіндігін қарастырын.

6. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі

министрлігі Жаңажол кен орнының ілеспе мұнай газы тиімділігінің нормативтік деңгейін ескеріп оны өндіру жөніндегі шығындардың құнынан аспайтын баға бойынша, іске қосылмақ қуаттылығы 150 мың кВт ГТ-8С газтурбиналы электр станциясына кәдеге жаратуды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Н.Қ. Есенғаринге жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК